

«СПАЙС» СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ



КОГБУЗ «Киров
областной нарк



Спайс

Арзан және қолжетімді болуына байланысты жылдам таралып жатқан есіркі түрі. Оның құрамында психотропты шөптерден бастап, синтетикалық, химиялық заттарға дейін болуы мүмкін.

Негізінен Қазақстанға Қытайдан жеткізіледі. Өнімді сатушылар, оларды дәмдеуіші бар қоспа немесе «легалка» деп атайды.




Шегілетін қоспа ретіндегі

спайстың миға әсері

- 1) Есте сақтау қабілеті бұзылады
- 2) Ойды есеңгіретіп , бір жерге жинақталуына кедергі болады
- 3) Ойлау қабілетін нашарлатады
- 4) Сөйлеу қабілеті әлсіпейді, есірткі шеккен адам өз ойын толық айта алмайды, сөзден шатасады

Спайс шеккен адамның жүрегі кез келген уақытта тоқтауы мүмкін. Бұл есірткіні ұзақ уақыт қолданған адамдардың миы қатты зардап шегіп, ақырында олар шизофрения сияқты айықпас психикалық ауруларға ұшырауы мүмкін.


Соңғы жылдары Ресейдегі болып жатқан суицид жағдайларының 10 осы есірткінің кесірінен болуда





Сау адам миы

Есірткі әсері тарқаған соң пайда болатын қатты ауырсынулар, оны үнемі қолданатындардың ағзасына есірткі дозасы түспегеннен пайда болды. Есірткіге үйреген аздада зат алмасу өзгереді. Бұл кездегі аурулар адам буындары тырысуынан бастап, дененің толық тырысуы, немесе оданда қатты азап күйінде сезіледі



Есірткі қолданған адамның миы



Бұл қоспалардағы уытты заттар ми жасушаларын жойып, психикаға калпына келмес залал тигізеді. Мидың өзінде ауру рецепторлары жоқ, сол себепті ол өзіне төнген қауіпті дене сияқты жай ауырсынумен білдірме алмайды. Өзіндегі ауыр өзгерістерді адам миы тек психикалық ауытқулар, галлюцинациялар, есітен тану немесе адасу арқылы ғана білдіре алады. Міне осындай есіру мен мәңгүрттенуге қызыққан адамдар осындай нәрселерді сезіну үшін спайсты қолданады

Одан басқа

Ми мен жүректен басқа, спайс өкпені, бауырды, бүйректі ыдыратады, қандағы токсиндер мөлшері көбейіп адам бойы ластанады, артериялық қысым жоғарылайды. Ерлерде импотенцияны тудырады, әйелдерде бедеулікпен, гормоналды ауытқуларды қоздырады. Бұл есірткі адам санасын сөндіреді, адам еріксіз қимылдар жасап(сілкіліну, бір жерді айналып жүру), немесе мүлем қимылсыз қатып қалады.

Спайс ағзаға түскенде

Есірткі уынан миды қорғау үшін, оның капиллярлары қатты тарылады, осының әсерінен миға келетін оттегі мөлшері бірден азайады, оттегіне қанықпаған ми жасушалары өле бастайды, дәл осы сәтте алдамшы және уақытша жеңілдену мен ләззат езімдері туындайды. Дәл осы сезімдерге бөлену үшін спайсты бір рет татып көргендер оған қайта қайта орала береді. Спайсқа тәуелді адамдарды тек маман көмегімен ғана құтқаруға болады.

Ең өкініштісі!

Спайсты, сатып алу үшін арнайы терминалдарда шотыңаздың болуы жеткілікті. Оны сатып, жасап, немесе қолдануға үгіттеп жүрген, есірген ессіздер санын көбейтіп жүргендерге қарсы қолданылатын жалғыз шара ол айыппұл салып ескерту беру ғана. Тірі пендені айдағаныңа көнетін затқа айналдырып жүрген жауыздарға адами заң қауқарсыз

Эпилог

2014 жылы Ресейде бұл есірткіден 900 адам өлген, олардың көбісі 14 пен 16 жас аралығындағы жасөспірімдер, тағы 820 адам уланып, ауруханаға түскен.

Спайстың ең қауіпті тұстарының бірі оның қаннан тез тарқап кетуінде.

Сол себепті зардап шеккен немесе өлім құшқандардың бойындағы, қатты ыдырап, деформацияланған өкпесі, бауры мен бүйрегі арқылы ғана өлімнің спайс әсерінен екенін анықтауға болады.